<p>Б.қ.:</p> <p>4. Кеуденің жоғарғы бөлігін сәл еңкейіп, қолдарын тізеге қою; тізесін бүгіп солға қарай (сағат тілімен), одан кейін оңға қарай (сағат тіліне қарсы) дөңгеленіп айналады.</p> <p>Б.қ.:</p> <p>5. Орнында тұрып, қол белде 8-10 рет секіріп, жүру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы. «Шар үрлеу» Ауаны мұрынмен тартып, аузымен шығару».</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары:</p> <p>1. Бір шеңберден екінші шеңберге біртіндеп секіру. 2. Екі сызықтың арасымен тепе-теңдікті сақтап жүру</p> <p>Қимылды ойын: «Көжектер мен түлкі» Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау.</p>	<p>калыптастыру. Достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Оқу қызметінің барысы:</p> <p>Ұйымдастыру:</p> <p>1. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Күз айларын атаңдаршы балалар?</p> <p>2Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру. Кылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен. (құмырсқа)</p> <p>3. Ертегіні айтып беру</p> <p><small>1- тапқыры: «Көк, таманың» Мылқасын арқасын аяқпен тартып алмағы.</small></p>  <p>4. Ертегі желісі бойынша сұрақ қою.</p> <p>Ой қозғау. Сұрақтар: -Ертегі қалай аталады? -Құмырсқа нелермен дос болыпты? -Құмырсқаның осы достары жайлы не</p>	<p>арақашықтықты сақтау.</p> <p>Негізгі бөлім:</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар:</p> <p>Б.қ. – н.т., қол төмен</p> <p>1. Қол жан-жақтан көтеріп, шапалақтау. 2. Б.қ. 3. Қол жан-жақтан көтеріп, шапалақтау 4. Б.қ. (5-6 рет)</p> <p>Б.қ. – н.т., қол белде</p> <p>1. Оң жаққа бір адым, қол шапалақтау. 2. Б.қ. 3. Сол жаққа бір адым, қол шапалақтау. 4. Б.қ</p> <p>Б.қ. – н.т., қол белде</p> <p>1. Отыру тізені құшақтау. 2. Б.қ. 3. Отыру тізені құшақтау. 4. Б.қ. (5-6 рет)</p> <p>Б.қ. аяқты кең ашып тұрысы, қол белде</p> <p>1. Алдына еңкейю, қол жоғары. 2. Б.қ. 3. Алдына еңкейю, қол жоғары. 4. Б.қ. (5-6 рет)</p> <p>• Б.қ. – н.т., қол төмен</p> <p>1-4 аяқты кең ашып секіру, шапалақтау (6 рет) Жүгіру. Бір қатармен жүру.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы «Сорғыш» - аяқтарын қосып, тік тұрып қолдарын кеуде тұсында ұстау; демін</p>	<p>ажыратуға баулу</p> <p>Ән айту: «Сылдырмақ»</p>	<p>аяқ пен сол аяққа домалату. Бастапқы қалып.</p> <p>3. Допты екі қолмен ұстау. Еденге тигенше еңкею..</p> <p>4. Тіземен отыру. Допты оңға, солға өзін айналдыру.</p> <p>5. Допты еденге қою. Допты айнала секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.</p> <p>Тыныс алу жаттығулары: 1 – 2, 3 - 4 есебінде танаудың әр тесігінен кезек - кезек демді ішке тартады; дем алуды бөгеп, сыртқа шығарады.</p> <p>2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.</p> <p>1. 40 см биіктікте көтерілген арқанның астынан еңбектеп өту.</p> <p>2- Допты аяқтарымен бір-біріне домалату.</p> <p>Қимылды ойын: «Тауық пен балапандар» Балаларды мадақтау.</p>
--	--	---	--	--

		<p>ойлайсындар? -Құмырсақа нелер көмектесті? -Кәрі құмырсақа не айтты? Суретпен жұмыс. жәндіктердің суретін көрсетеді, балалар атын атап, дыбысын салады. 6.Ертегіні сахналау. 7.Қорытындылау. Балаларды мадақтау.</p> <p>3. Музыка Тақырыбы: Сылдырмақтар әуені Масаты мен міндеттері: Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстауды ажыратуға баулу Ән айту: «Сылдырмақ»</p>	<p>ішке жұтып, сосын кеудесімен жанына қарай еңкею; демін сыртқа шығару, дауыстап (ССССС) деп дыбыс шығарып, қолдарын жылжыту; тік тұрып демін ішке жұтып, екінші жағына дыбыс шығарып еңкейді(3 - 4 рет). Негізгі қимыл-жаттығулары: 40 см биіктікте көтерілген арқанның астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «мысық пен тышқан» Ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау.</p>		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека №14 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 15 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека №16 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 17 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 18 Картотека қосымша тіркелген.

Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу: Мөлдір су Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Ойын «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу, Кішкентай балаларға көмектесу	Сюжетті-рөлдік ойындар: «Жүргізуші» Мақсаты: Балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, қиялын дамыту.	Тақпақ жаттау Дәрумендер тірегің, АВС деп аласың. Жетіспесе бірі оның, Ауырып сен қаласың.	«Дәрігер» сюжетті-рөлді ойын Мақсаты: Емхана туралы, қызметкерлері туралы айту.	Дидактикалық ойын: « Жеуге жарамды, жарамсыз» Шарты: Жеуге және жеуге жарамсыз жидектер мен саңырауқұлақтарды топтастыру.
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу	Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.

ЦИКЛОГРАММА
III апта (15-19.11.2021ж.)
«Балапан» тобы


Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау
Тақырыпша. "Өзіңе және өзгелерге көмектес"


Күн тәртiбi	Дүйсенбi	Сейсенбi	Сәрсенбi	Бейсенбi	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	Балабақшадағы көмекші апайға көмектесу(ойыншықтарды қойып шығу)	Фотосуреттер қарастыру «Мен көмекшімін». Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру.	Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Туысқандары туралы әңгімелеп беру .	Балалармен өзіне және өзгелерге көмектесу туралы әңгімелесу.
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека № 3 Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша	1.Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Адам еңбегінің нәтижесі Мақсаты: Ересектердің еңбе	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Күшікке көмек Мақсаты: Шағын әңгімелерді	1.Математика негіздері Тақырыбы: Ұзын-қысқа Мақсаты: Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік	1.Жаратылыстану Тақырыбы: Жыл құстары мен қыстап қалатын құстар Мақсаты: Жыл құстары мен қыстайтын құстарды	1.Сурет салу Тақырыбы: Торғайға көмектесейік Мақсаты: Әртүрлі пішіндерді пайдалана

<p>ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>гін ойын әрекет терінде көрсете отырып, ересектер мен бірге еңбек әрекеттерін орындауға баулу. Құрдастарына көмек беруге тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: тақырыпқа сай суреттер, ыдыстар Оқу қызметінің барысы: Әңгіме жүргізу - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күзде неше ай бар? Көне, барлығымыз атап айтайықшы? -Қазір күз мезгілінің қай айы? -Күзде адамдар не істейді? Сендер үйлерінде ана-әкелеріңнің бақшада қандай жұмыстар жүргізеді? Суретпен жұмыс. -Балалар, суретте Асан ағамыз қандай жұмыс жүргізіп жатыр? -дұрыс егіндерін жинап жатыр. Қысқа жинап жатыр. Бейнефильм көрсету(бейнетаспадан адамдардың күзгі тіршілігі,еңбегі туралы түсірілген бейнефильм</p>	<p>айтып беруге үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Қайырымды болуға тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: АКТ, тақырыпқа сай суреттер. Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер <i>Дос болып біз жүрейік, Ойнайық та күлейік. Достық деген тамаша Міне, тұрмыз жараса.</i> Қызығушылықта рын ояту. -Балалар бізге электронды поштамызға хат келіп тұр,соны ашып тыңдап көрейік. Ведеоны көріп болған соң,балалардан сұрау. -Балалар Айгүл бізден күшігіне үйшік керек екендігін айтып көмек сұрап отыр,</p>	<p>беру, ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар: хат,пішіндер,ойыншықтар, сыйлық Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер «Күлімдейік». <i>Шеңберге біз жиналдық. Сен досымсың, мен досыңмын. Қол ұстасып тұрамыз, Күлімдесіп қараймыз.</i> Жыл мезгілдері жайлы, апта күндері жайлы әңгіме жүргізу. Миға шабул. Сұрақтар қою. Балалар, бір аптада неше күн бар? Бүгін аптаның қай күні? Сендер неше күн балабақш аға келесіңдер? Неше күн демаласыңдар? Балалар, сендер қандай геометриялық фигураларды білесіңдер? Балаларды мадақтау. Қызығушылықтарын ояту.</p>	<p>ажырата білу және атын атай алу, құстардың пайдасы туралы білімді бекіту. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: : Үнтаспа, құстардың суреттері ,слайд Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер <i>Біз қандаймыз,қандаймыз Шұғылалы таңдаймыз Күлімдеген күндейміз Ренжуді біз білмейміз Қуанамын менде Қуанасың сенде Қуанайық достарым Арайлап атқан күнге</i> Мнемотехника. Күз мезгілі. Қызығушылықтарын ояту. Үн таспадан құстардың дыбысын тыңдату. Бұл ненің дыбыстары? Құстар неше бөлінеді? .Ой дамыту. Құстар туралы жұмбақтар жасыру. 1)Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. 2)Ұзақ тектес құс Шіркей жеп.</p>	<p>отырып, құстың суретін салуды үйрету. Құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: әр түрлі ойыншықтар суреті, бояу,түрлі түсті карандаштар. үлгі Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер <i>Арайлы таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды даламыз, Жарқырайды қаламыз Қайырлы күн достарым!</i> «Кубизм» әдісі Құстардың атын айтады.. Қызығушылықта рын ояту. Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Ұя жасап беруін өтінеді. Ой қозғау.</p>
--	---	---	--	---	---

<p>көрсетіп, сұрақтар қояды).</p> <p>Дидактикалық ойын: «Анама көмектесемін» Қызар дастархан әзірлейді. Ұлдармен әңгімелесу. -Сендер әкелеріңізге қалай көмектесесіңдер? -Ағаларыңызға қалай көмектесіңдер? Ойын шарты: егін егуге қажетті құрал жабыдықтарды көрстеу</p> <p>Сергіту сәті: <i>Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.</i></p> <p>Қорытынды. <i>Мақал.:Еңбек етсең ерінбей Тояды қарының тілінбей. Мағанасын түсіндіру.</i></p> <p>Қорытынды. Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Дене шынықтыру. Шапшаң және баяу қарқынмен ауыса отырып жүгіру. Еденнен 20-25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан аттап өту. Заттар арасымен тура бағыт</p>	<p>көмектесеміз бе?</p> <p>Ой қозғау. Сұрақ-жауап Балалар ит қандай жануар түріне жатады? -Иттің баласын не деп атаймыз? -Күшік қандай дыбыс шығарады? -Кәне, ендеше бәріміз күшік сияқты үрейікші(әуп-әуп) АКТ технолоиясы. Күшік.</p> <p>Ой дамыту. Суретпен жұмыс Балалар суретке қарап әңгіме құрайды. Балалар күшік ашуланса қайтеді? Бірдеңені сезіп қалса нестейді? Қатты жүгіргенде қайтеді? Енді жылы үйшік керек. Біз күшікке үйшік жасап беріп қамқорлық көрсетейік</p> <p>Шығармашылық орталық. Балалар құрылыс материалдарынан күшікке үй</p>	<p>Жауабын кім табады?» ойыны. балаларға екі қыздың суретін көрсету. -Бұлар апалы-сіңлілі қыздар, олар бір-біріне қатты ұқсайды. Ал олардың бір-бірінен айырмашылығын кім таба алады. Балаларды жауаптарын тыңдау.</p> <p>Логикалық тапсырмалар орындау. 1. Торғайларды санайық Ағашта 2 торғай қонып тұр еді, Ала мысықты көріп 1 торғай ұшып кетті Ағашта қанша торғай қалды? 2 . Мирастын өзінде 1 алма болды, әжесі оған базардаң 1 алма сатып әперді Мираста қанша алма болды? 3. Кірпі орманда өзіне 2 санырауқұлақты теріп алды. 1 санырауқұлақты тиінге сыйлайды Кірпіде қанша</p>	<p>Ауыл маңынан Ұзап кетпес құс.</p> <p>Суретпен жұмыс жүргізу. Сурет бойынша сұрақтарға жауап береді. -Бұл суретте құстардың қайсысы сендерге таныс? -Жылы жаққа ұшып кететін құстар қалай аталады? -Жыл құстарын кім атап айтады? -Олар неліктен ұшып кетеді? -Ал бізде қалатын құстар қалай аталады? -Қыс мезгілінде құстар немен қоректенеді? - Біз құстарға қандай қамқорлық жасаймыз?</p> <p>Слайд. Құстар туралы түсінік беру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қай құс қайда мекендейді?»</p> <p>Сергіту сәті. <i>Қане қанат жазайық, Қарға болып ұшайық. Ұшып-ұшып алайық Торғай болып қонайық.</i> Құстар туралы білімдерін бекіту мақсатында сұрақтар қою:</p> <p>Ойын: «Сұрақ-жауап». Құс патшасы-...</p>	<p>Ұя не үшін керек? Құстар ұяны қайда жасайды? Құстар немен қоректенеді? Құстардың қандай түрлерін білесіңдер? Балалардың жауаптары.</p> <p>Ой дамыту. Құстардың бізге қандай пайдасы бар? -Оларға қандай қамқорлық жасау керек Ұяның түрлерімен таныстыру.</p> <p>Балалаға тапсырма беру. Суретті қылқаламмен бояйды..</p> <p>Сурет салудың әдіс тәсілін көрсету, түсіндіру. Балалардың жұмысы бақылау. Жеке көмек. қиналған балаларға көмек қолын созып, бағыт-бағдар беріп отыру.</p> <p>Сергіту сәті: <i>Қарлығаш боп ұшай</i></p>
---	--	--	--	---

<p>бойынша төрттағандап еңбектеу.</p> <p>I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру</p> <p>Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: . Аяқтары алшақ қойылған , жалаушалар жанға созу .Алға сәл адымдап, сол аяққа отырады, оң аяқ түзу артқа созылады, артқа - алға денемен шеңберлер жасау керек.. / 5 рет қайталау/</p> <p>Б.қ. Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар төменде тік тұрып, бүгілген аяқтың сирағынан ұстайды, жібереді. /5рет қайталау/</p> <p>Б.қ.: Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар белде өкшені арқанға тіреп, аяқтың ұшын жерге тіреп бір орында қарай адымдап жүру. /5 рет</p>	<p>құрастырады. Балалардың жұмыстарын мадақтау.</p> <p>Қорытынды. Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.</p> <p>2.Бәрін білгім келеді.(B) Тақырыбы: «Ойыншықтар» елеңі. Н. Әлімқұлов. Мақсаты: Өлеңді эмоционалды қабылдай білуді дамыту, түсініп, есте сақтауға үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Оқу қызметінің барысы: 1.Ұйымдастыру: 1)Жұмбақ жасыру. <i>Аяғы бар, жүрмейді,</i> <i>Аузы бар, күлмейді</i> Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. -Дұрыс қуыршақ. - Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар</p>	<p>саңырауқұлақ қалды? 4.Адамда неше көз бар?(2) Ой дамыту. Суретпен жұмыс. - Балалардың суреті. Қане, кім айтады? Кімнің бойы ұзын .</p>  <p>Жол салыстыру. Ұзын –қысқа ұғымы туралы түсінік беру. Ұзындығына қарай салыстыру «Жылан және жұлдызқұрт» Қорытынды Балаларды мадақтай отырып қорытындылау. Жұлдызша беру.</p> <p>2. Көркем әдебиет Тақырыбы: Екі дос ертегісі Мақсаты:Ертегінің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін</p>	<p>Орман саққұлағы-... Орман дәрігері-.... Суда мекендейтін құс-... Бейбітшілік құсы-... Көктем хабаршысы-... Балаларды мадақтау.</p> <p>Қорытынды. Бүгінгі күн көңілдерінен шықса, тақтадағы күннің қасына үлкен шуақтар жапсыруды, көңілдерінен шықпаса, қысқа шуақтар жапсыруды ұсынамын.</p> <p>3.Мүсіндеу Тақырыбы: Айгүлге көмектесейік Мақсаты: Қолшатыр туралы түсінік беру. саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Қолданылатын көрнекі құралдар:ермексаз, тақтайша үлгі қолшатыр, қуыршақ Айгүл Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер <i>Алақанды ашайық</i> <i>Күн нұрын салайық</i> <i>Осы жасқсы лебізді</i> <i>Бір бірімізге сйлайық</i> Миға шабул</p>	<p>ық, <i>Торғай</i> <i>болып қонайық,</i> <i>Сауысқан боп секіріп</i> <i>Бүркіт</i> <i>болысамғайық.</i> <i>Қане қанат жазайық</i> <i>Ұшыпұшып алайық,</i> <i>Орнымызға қонайық.</i></p> <p>Қорытынды. Балалардың салған суреттерін бағалау, мадақтау. 3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.</p> <p>2.Дене шынықтыру. 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру</p> <p>I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары</p>
---	--	---	---	---

<p>қайталау/ Б.қ.: Аяқтарын алшақ қою, жалауша төменде, тік тұрады, 1- аяқтар бірге, қолдар төмен түсірілген, тізені қолмен қапсыра ұстап отыру керек, басты тізеге қояды, тіке тұру керек. /5рет қайталау/ Б.қ.: Орнында тұрып аяқтың ұшымен жүгіруді секірумен ауыстыру ./15-20 секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Отын» балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады. мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1-Допты аяқтарымен бір-біріне домалату 2. Төрт тағандап еңбектеу. Қимылды ойын: «Торғай мен мысық» ойыны: Ойын шартымен таныстыру .Балаларды мадақтау.</p>	<p>қайталау/ Б.қ.: Аяқтарын алшақ қою, жалауша төменде, тік тұрады, 1- аяқтар бірге, қолдар төмен түсірілген, тізені қолмен қапсыра ұстап отыру керек, басты тізеге қояды, тіке тұру керек. /5рет қайталау/ Б.қ.: Орнында тұрып аяқтың ұшымен жүгіруді секірумен ауыстыру ./15-20 секунд/ Тыныс алу жаттығулары: «Отын» балалар ағаш шауып жатқан тәрізді болады. мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Негізгі қимыл-жаттығулары: 1-Допты аяқтарымен бір-біріне домалату 2. Төрт тағандап еңбектеу. Қимылды ойын: «Торғай мен мысық» ойыны: Ойын шартымен таныстыру .Балаларды мадақтау.</p>	<p>бар? 2) Ендеше Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өлеңімен танысып, жаттаймыз. Өлеңді мәнерлеп оқу. Ойыншықтар  <i>Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ, Қуыршақтар ұйықтайды. Айтқаныңнан шықпайды. Бұзау, қозы құлыншақ. «Ұйықта» десең, ұқпайды. Тыңдамайды ұрысса, Осылары дұрыс па? Тентектігін қоймаса, Тұрғызармын бұрышқа.</i> Сұрақ-жауап</p>	<p>көруге үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар: ертегі бетперделер, ұнтаспа Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері. <i>«Кел, балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел, балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік!</i> Қызығушылықтарын ояту. Балаларға ұнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдату. Ой қозғау. -Бұл ән не туралы деп ойлайсыңдар? Қандай ертегілерді білесіңдер? Ертегілер арқылы топқа бөлу. I топ. «Бауырсақ» ертегісі. Ертегісін айтып, суретті ретімен орналастыру. II топ. «Жеті лақ» ертегісі желісі бойынша ертегіден үзінді қойылым жасайды. «Шапалақ» әдісі бойынша бағалау.</p>	<p>Күн ашықта құр тұрамын, Бұлтты күні қыдырамын. (Қолшатыр) Ой қозғау. Сұрақ жауап -Қолшатыр не үшін керек? -Қолшатырлар қандай болады? -Сендерде қолшарты бар ма? Тосын сәт. Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан көмек сұрайды. Қолшатырын сындырып алған, басқа қолшатыр керек дейді. Ой дамыту. Қолшатыр туралы түсінік беру. Топқа бөлу. Қиылған суреттер арқылы топқа бөлу. 1-Топ үлкен қолшатыр 2-Топ кішкентай қолшатыр 1-топ кішкентай қолшатырды қағазға саусақ арқылы созып мүсіндейді 2-топ екі бөліктен тұратын қолшатыр мүсіндейді. Жұмыстың орындалу техникасын көрсету. Ермексазбен жұмыс істеу ережесін есімізге түсірейік.</p>	<p>көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулары: Доппен жаттығу. Б.қ.: 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Доп қолда. Допты оң жаққа қозғап, басты оң жақ иыққа қою. «Оң жақ» деп айту. Допты сол жаққа қозғап, басты сол жақ иыққа қою. «Сол жақ» деп айту. Б.қ.: 2. Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды төмен түсіріп, қарын тұсынан бір-бірімен айқастырады, екі қолды бірдей жоғары көтеріп, алға еңкейеді, қолды иыққа дейін түсіріп, денені 90 градусқа бұрады, қолды жерге дейін түсіріп, бастапқы</p>
--	--	--	---	---	--

		<p>Балалар, өлең сендерге ұнады ма? Өлеңде не туралы айтылған? Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Ойыншықтар неден жасалады?</p> <p>Сергіту сәті Тік ұста бойыңды, Жоғары соз қолыңды. Соз қолыңды тағы да, Жеткіз жираф мойына. Қорытынды. Балаларды мадақтау</p> <p>3.Музыка Сылдырмақтар әуені Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстауды ажыратуға баулу; аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау Ән айту: «Сылдырмақ»</p>	 <p>Екі дос ертегісін оқып беру.</p> <p>Ой қозғау. Ертегі желісі бойынша сұрақ. Достар қайда келе жатыр еді? Алдарынан не шықты? Екі дос не істеді? Талға өрмелеп кеткен досының ісі дұрыс па? Екінші достың орнында болғанда не істер едіңдер? Достар қандай болу керек? Балалардың жауаптарын тыңдау</p> <p>Сергіту сәті. <i>Орнымыздан тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз бір дем алайық.</i> Ертегіні схема бойынша әңгімелету. Қорытынды. Балаларды мадақтау. Әр топқа көңілді смайлктер</p>	<p>Тазалық, ұқыптылық туралы айту. Өз беттерінше жұмыс. Қадағалау, көмек көрсету. Сергіту сәті <i>Орнымыздан тұрайық, Қолды белге қояйық. Бір оңға, бір солға. Бір отырып, бір тұрып. Орнымызды табайық.</i> Айгүл қуанып балалараға рахмет айтып қоштасады. Қорытынды. Балалардың жұмыстарын өздеріне бағалату. Мадақтау Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.</p>	<p>қалыпқа оралады. Б. қ.: «Допты жалғастыр» 3. Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа созып, жоғары көтеру, допты келесі қолға салып, қайта екі жаққа созып төмен түсіреді Б.қ.: 4. Доп жанда . Қол мен табанға сүйене отырып, допты айнала секіре еңбектеу. Б.қ.: «Жоғары-төмен» 5. Аяқтарын алшақ қою, доп қолда «Жоғары» дегенде допты жоғары созу, «төмен» дегенде тізені бүгу. Допты жерге тигізу. Б.қ.: 6. Аяқтарын алшақ қою, доп қолда. Денені тік ұстайды. Аяқты алма кезек көтере секіру. /15-20 секунд/ Тыныс алу жаттығулары. Негізгі қимыл-жаттығулары:</p>
--	--	---	--	---	---

			<p>беру.</p> <p>3.Дене шынықтыру Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру. Заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. Орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см).</p> <p>I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру</p> <p>Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Балаларды далаға алып шығып, сапқа тұрғызып жалпы дамытушы жаттығуларды жасату. 1.Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты</p>		<p>1.ұзындыққа секіру. 2.Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру Қимылды ойын: « Тауық қорадағы тұлкі.» ойыны: Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау.</p>
--	--	--	--	--	---

			<p>оңға, солға бұру</p> <p>2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру</p> <p>3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру</p> <p>2. 2 қолды алдына апару</p> <p>3. 2 қолды жанына апару</p> <p>4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде, аяқтар алшак тұрады, оңға, солға бұрылу</p> <p>5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру</p> <p>6. Терең дем алу</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары:</p> <p>1 Заттар арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу.</p> <p>2. Орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см).</p> <p>Қимылды ойын:</p> <p>«Торғайлар» ойыны: Ойын шартымен таныстыру.</p> <p>Балаларды мадақтау.</p>		
Серуенге	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				

дайындық					
Серуен:	Картотека №16 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 17 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 18 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 19 Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № 20 Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу	Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Үстел үсті театры «Бауырсақ» «Үш шошқа»	Сюжетті-рөлдік ойын «Аурухана»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	Ойын – жаттығу «Апама көмектесемін»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	ертегі оқып беру; үстел үсті театры және т.б.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді балаға үйретіңіз».	Кеңес «Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз».	Балалармен үйлерінде ата-анасына қалай көмектеседі туралы әңгімелесу.	Кеңес: «Бала өміріндегі дәруменнің маңызы».	Жобаны таныстыру. «Өзіңе және өзгелерге көмектес» тақырыбына көрме ұйымдастыру.

ЦИКЛОГРАММА
ІУ апта (22.-26.11.2021ж.)
«Балапан» тобы

Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау
Тақырыпша. «Біз күштіміз, ептіміз»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Ойын «Кім күшті?» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика .	Құрылыс ойындары «Спорттық құралдар»,	Фотосуреттер қарастыру «Мен күштімің, ептімін». Фотосуретте бейнеленген спорттық заттарды атау.	Ертегі оқып беру. «Шалқан» ертегісі.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Күн тәртібі » Балалармен күн тәртібі туралы әңгімелесу.
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека №4 Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				

<p>Ойындар, ҰОҚ дайындық</p>	<p>ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</p>				
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас-тырылған оқу қызмет-тері</p>	<p>1.Құрастыру. Тақырыбы. Үй құрастыру Мақсаты: Лего ойыншықтарынан үй құрастыру. Балаларды достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу Қолданылатын көрнекі құралдар: лего ойыншықтары, құрылыс материалдары. Оқу қызметінің барысы: <i>Шаттық шеңбер</i> <i>Біздің топтың ұл- қыздары, Тату тәтті ойнайды. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлайды.</i> Жыл мезгілін, ай атын, апта күнін сұрау. Суретпен жұмыс: -Балаларға суретті көрсетіп, талдау жасау. Ой қозғау. Балалар сендер мына суретте не көріп тұрсындар? Үйлер қандай екен? Үйді жасау үшін қандай құрылыс материалдары керек ?</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз дәрігерде қонақта болдық. Мақаты: Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру, құрылған ойындарға қызығушылыққа тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: дәрігердің құралдары Оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбер Ұйымдастыру. -Қазір жылдың қай мезгілі ? Аптаның нешінші күні? -Жылдың күз мезгілінде қандай</p>	<p>1.Математика негіздері Тақырыбы: Заттардың орналасу орнын анықтау. Шеңбер, сопақша. Мақсаты:Заттар шеңбердің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету. Әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: пішіндер, ойыншықтар Оқу қызметінің барысы: <i>Шаттық шеңбер</i> <i>Армысың Алтын күн!</i> <i>Армысың ашық аспан,</i> <i>Армысың Жер ана!</i> <i>Қайырлы таң достарым!</i> Кубизм әдісі арқылы жыл мезгілін сұрау. Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт.</p>	<p>1. Жаратылыстану Тақырыбы: Жануарларға күтімді қалай жасау қажет? Мақсаты: Адамдардың қамқорлығында өмір сүріп жатқан жануарлар туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Үй жануарларына күтім жасай білуге дағдыландыру. Қамқор болуға тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: бейнетаспа, үй жануарлары, төлдері Оқу қызметінің барысы: 1.Шаттық шеңбері: «Жылы сөздер» Балалар шеңбер бойымен тұрып, өз аналарының еркелететін сөздерін айтып шығады. Бейнетаспа көрсету. Бейнетаспадан не көрдіндер?</p>	<p>1.Сурет салу Тақырыбы: Кесені әшекейлеу Мақсаты: Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін салуға үйрету. Қылқаламмен жұмыс істеуді, ой-қиялын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі құралдар: әр балаға ақ қағаз, бояу, қылқалам, кесе үлгісі, ою өрнек Оқу қызметінің барысы: Ұйымдастыру. «Күннің көзі» ойыны Балалар жақсы тілек айтып күннің көзінің шапағын тақтаға жапсырады. Әңгімелесу. Балалардан қандай ыдыс аяқ түрлерін білетіндерін сұраймын</p>


Үйді кім салады?
Дидактикалық ойын.
 «Құрлысшылар үй салады»
 Лего ойыншықтары және құрлыс ойыншықтары арқылы топқа бөлу.
 Лего ойыншықтарынан бір қабатты үй құрастыру
Үй құрастырудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру.
 Бір қабатты үйге төрт текше, екі үшбұрыш керек және оны қалай қою керек екенін түсіндіру.
 Ал көп қабатты үй жасау үшін бірнеше текшелер, бірнеше кірпіштер қажет болады. Ол үшін текшелерді түстеріне сәйкес орналастыру керек, екі қызыл текше, оның үстіне ұзын сары түсті кірпіш қойылады, оның үстіне екі жасыл түсті текше қойып, сары кірпішті орналастырып, оның үстіне көк түсті үшбұрыштарды қоямыз, сонда көп қабатты үй дайын болады.
Өз беттерінше жұмыс.
 Бақылау, жеке көмек көрсету.

өзгерістер болды?
Тақпақ оқу.
Ө. Тұрманжанов.
*Ақ халатты киемін,
 Аппақ болып жүремін
 Аппақ болып жүргенді
 Өзім жақсы сүйемін.*
 Балалар, тақпақ кім жайлы?
Медбикенің бөлмесіне саяхат жасау.
 Медбике мен таныстыру.
 Медбике дәрі, иод, мақта, температура өлшейтін заттарды көрсетіп таныстырады.
Ой дамыту.
 Дәрігер туралы түсінік беру.
 Алғашқы көмек көрсету.
 Топқа оралу.
Ой қозғау.
 Сұрақтар қою.
 Жаңа біздер дәрігер бөлмесіне барып, ол бөлмедегі заттармен танысып келдік.
 -Дәрігер бөлмесінен

Балалар, бізге қонаққа пішіндер келіпті. Олардың тапсырмалары бар екен.
Ой қозғау.
 Қараңдаршы мыналар қандай пішіндер?
 Дұрыс шеңбер мен сопақша.
Тақтамен жұмыс.
«Көп және біреу»
 дидактикалық ойыны.
 Тақтаға көп және бір зат бейнеленген суреттер ілінеді. Көп және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп екі жаққа орналастырады.
Дидактикалық ойын.
«Пішіндерден жануарларды құрастыр»
 1-топқа тапсырма.
 Пішіндерден қоянды құрастырады
 2-топ пішіндерден аюды құрастырады
Сергіту сәті
*Қорбаңдаған аюдың,
 Құлпынайы көп екен,
 Теріп, теріп алайық,
 Қалтамызға салайық.*
«Кім зейінді»
 дидактикалық ойыны.
 Үстел үстінде пішіндер



Неліктен бұларды үй жануарлары дейміз?
 Үй жануарлары қайда тұрады?
 Үй жануарларын қалай күтіп баптаймыз?
 Олардың төлдері қалай аталады?
 Түйенің төлі ботақан,
 Жылқының төлі құлын
 Ешкінің төлі лак,
 Қойдың төлі қозы,
 Сиырдың төлі бұзау.
 Өзекті сұрақ: Жануарлар адамға не үшін қажет? Не береді?
 Тірек сызба



Балаларды 2 топқа бөлу.

Ой қозғау.
 Мына суретте не көріп тұрсындар?(кесе)
 Кесеге не құйып ішеміз?
 қандай пішінге ұқсайды?
 Кесені қалай әшекелеуге болады?(нүктелермен, сызықтармен, иректермен)
 Бүгінгі оқу қызметінде ою-өрнекпен әшекейленген кеселердің суретінің салатынын айту.
 Балаларға жұмысты түсіндіру.
Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.
 Қылқалам ұшымен жиектерін жіңішкерек етіп осы түспен қоюла бояп, түбін жиектеріне қарағанда жалпағырақ көлемде бояп, сәл кептіреді.
 -жиектеріне ирек, су, ортасына қызғалдақ
Сергіту сәті
Ал балалар тұрайық,

<p>Балаларды мадақтау. Дидактикалық ойын: «Бұл қай пішінге ұқсайтын зат?» Пішіндер қандай болады? Олар бір -біріне ұқсайды ма? Қорытынды: Балалардың жасаған жұмыстарын қорытындылау. Балаларды мадақтау.</p> <p>2.Дене шынықтыру Бір минут баяу қарқында жүгіру. Тепе-теңдікті сақтап жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу.</p> <p>I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру</p> <p>Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Б. қ: 1. Аяқтары алшақ , қолдары белде. басты оң иыққа қисайту иықты көтермеу</p>	<p>не көрдік? -Дәрігер не істейді? дәрігерге арналған тапмақты қайталайық. Бір қадам әдісі арқылы жаттау. <i>Ақ халатты киемін, Аппақ болып жүремін Аппақ болып жүргенді</i> <i>Өзім жақсы сүйемін.</i> Балаларды мадақтау. Сергіту сәті: <i>Оңға, оңға түзу тұр. Солға, солға түзу тұр.</i> <i>Жоғары-төмен қарайық</i> <i>Орнымызды табайық.</i> «Дәрігер» мазмұнды рөлді ойыны. Балалар рөлдерге бөлініп ойнайды. Қорытынды. Балалар, біздің денсаулығымызға кім қамқор болады? -Біз бүгін қайда бардық? -Біздің медбикенің аты кім? Балаларды мадақтау.</p>	<p>және соған ұқсас заттар. Балалар пішіндерге сәкес заттарды анықтап топтастырады. Балаларды мадақтау. Қорытынды Балалар бізге қонаққа не келді? Қандай пішіндер келіпті? Қандай ойын ойнадық? Қандай тапсырманы орындадық? Нені құрастырдық? Балаларды мадақтау.</p> <p>Орыс тілі Тема: «Фрукты» Цель: обучение словам, обозначающим признак предмета – величину. Задачи: учить называть фрукты; развивать умение произносить гласные звуки «О», «А», «У» изолированно, в слоговых сочетаниях; развивать речь, внимание, память; воспитывать устойчивый интерес к изучению русского языка</p> <p>3.Дене шынықтыру. Сапта бағыттарын</p>	<p>1 - топпен «Жануарлардың төлдерін тап» ойыны (суреттен уй жануарларын төлдерын сәйкестендіреді) 2 – топпен «Жануарларды мекеніне орналастыр» ойыны Дидактикалық ойын: « Даусынан таны » Сикырлы ұнтаспаны тындату (жануарлардың дауысынан не екенің табады) Сергіту сәті. <i>Секірейік, жүгірейік (бір орында секіру, жүгіру)</i> <i>Қу анайық, күлейік (бір – біріне қарап күлімсіреу)</i> <i>Отырайық, дем алайық (жүресінен отыру, дем алу)</i> <i>Дем алып – ап, жүрейік (тұру, бір орында жүру)</i> «Не жоқ» ойыны. Шарты: Үстелдің үстіне ойыншық ұй жануарларын қойып. Сол ойыншықтың ішінен,бір ойыншықты алып тастап,жоқ ойыншықты тапқызу. Қорытынды -Балалар бүгін біздер не туралы әңгімеледік? -Үй жануарларына не</p>	<p><i>Мойнымызды бұрайық. Қолымызды созайық, Жел сияқты қалықта, Оңға,солға иіліп Денемізді бұрайық.</i> Жеке көмек. Балалардың жұмысын бақылау. Өз ара бағалау. Балалардың жұмыстарын мадақтап қорытындылау.</p> <p>2.Дене шынықтыру Бір қалыппен 40–50 метрге жүгіру. Қапшықты нысанаға лақтыруды үйрету. Қатарға бір-бірден сапқа тұру. Сапты қайтадан құру.</p> <p>I.Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру</p> <p>Негізгі бөлім:</p>
---	---	--	--	--

<p>керек , басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау) Б. қ.:</p> <p>2. Аяқтары алшақ , қолдары иықта. 1-4 қолымызды шеңбер бойынша алдыға қарай айналдырамыз. 5-8 – қолымызды шеңбер бойынша артқа қарай айналдырамыз. / 5 рет қайталау/ Б. қ.:</p> <p>3. Аяқтары алшақ , қолдарымыз басымызда. 1- оң жаққа еңкею, 2- б.қ. 3 – сол жаққа еңкею, 4- қолымызды алдыға созып, отырамыз. 5 – б.қ. /5рет қайталау/ Б. қ.:</p> <p>4. Аяқтары алшақ , қолдарымыз жанда. 1- қолымыз басымызда, 2- қолымыз жоғары, оң аяғымызды артқа қойып, өкшемізді көтеріміз, бүгеміз. 3- оң аяғымызды қоямыз, қолымыз басымызда. 4- б.қ. Сол аяқпен де дәл солай қайталау. / 5рет қайталау/ Б. қ.:</p> <p>5. Аяқтарды біріктіріп ұстау,</p>	<p>2.Бәрін білгім келеді. (Вариатив) Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі Мақсаты: Мәтінді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу артикуляциялық дағдыларын қалыптастыру Оқу қызметінің барысы: 1.Ұйымдастыру: 1)Жыл мезгілін, апта күнін сұрау. Ой қозғау. Сұрақ қою -Сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -қандай ертегі білесіңдер? Қызығушылықтарын ояту. Тосын сәт. Хат әкеледі. Ертегі ханшайымынан хат. Балалар сендер көп ертегі біледі екенсіңдер, ондай болса сендер менің жұмбағымның шешімін тауып</p>	<p>ауыстыра отырып жүру. Арқан жіптің үстімен жүру. Ойлы-қырлы тақтаймен жүру Кіріспе бөлім. Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді, қолды жанға созып, өкшемен жүреді. Баяу жүгіру, жылдам жүгіру Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар: Таяқшамен жаттығу 1. Аяқты алшақ қою, таяқша төменде, таяқшаны алға созу, жоғары көтеру, түсіру. Б.қ..5-6 рет. 2. Таяқшаны екі қолмен алға ұстау. Оң жаққа созу, алға ұстау, сол жаққа созу , алға ұстау. Б.қ 5рет 3. Таяқшаны екі қолмен ұстау. Еденге тигенше еңкею. Түзулену. 5-6рет 4. Аяқты алшақ созып отыру. Таяқшаны созу аяқ ұшына</p>	<p>жатады? -Не себепті үй жануарлары дейміз? Балаларды мадақтау. Жұлдызша беру.</p> <p>2.Музыка Мерекелік ән мен би Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады Ән айту: «Мерекелік ән мен би»</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулар: Б. қ.:</p> <p>1. Аяқтары алшақ , қолдары белде. басты оң иыққа қисайту иықты көтерімеу керек , басты солға қисайтып қайталау. (5 рет қайталау) Б. қ.:</p> <p>2. Аяқтары алшақ , қолдары иықта. 1-4 қолымызды шеңбер бойынша алдыға қарай айналдырамыз. 5-8 – қолымызды шеңбер бойынша артқа қарай айналдырамыз. / 5 рет қайталау/ Б. қ.:</p> <p>3. Аяқтары алшақ , қолдарымыз басымызда. 1- оң жаққа еңкею, 2- б.қ. 3 – сол жаққа еңкею, 4- қолымызды алдыға созып, отырамыз. 5 – б.қ. /5рет қайталау/ Б. қ.:</p> <p>4. Аяқтары алшақ , қолдарымыз жанда. 1-</p>
--	--	--	--	---

	<p>орында тұрып, қолды шынтаққа дейін бүгіп, тізені барынша биік көтере жүгіру . Б. қ.: « 6. Аяқтарды біріктіріп ұстау, қолдар белде, орында тұрып алға, артқа, оңға, солға секіру . /15-20 секунд/.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары: 1. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу. 2.Тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату</p> <p>Қимылды ойын: «Қу түлкі» ойыны: Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.</p>	<p>көріңдер! 1-жұмбақ <i>-Аюдан қаштым Қояннан қаштым Бұл қай ертегі? Дұрыс бауырсақ ертегісі</i> 2-жұмбақ <i>-Лақтарым ,шұнақтарым Есік ашындар. Бұл қай ертегі?</i> 3-жұмбақ <i>Ата, әже жыламандалар Мен сендерге басқа жұмыртқа әкеп беремін. Бұл қай ертегі?</i> 4-жұмбақ <i>-Кім біздің тамағымызды ішті -Кім менін орындығыма отырды? Бұл қай ертегі?</i> Балалардың жауаптары. Мадақтау. 4)Дұрыс балалар жарайсындар. <i>Біз ертегі ханшайымның жұмбағынның</i></p>	<p>тигізу 5. Таяқшаны еденге қою. Секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру. Тыныс алу жаттығулары: Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары: жаттығулары 1.Арқан жіптің үстімен жүру. 2.Ойлы-қырлы тақтаймен жүру</p> <p>Қимылды ойын: «Қояндармен түлкі» ойын шартымен таныстыру. Балаларды мадақтау.</p>		<p>қолымыз басымызда, 2- қолымыз жоғары, оң аяғымызды артқа қойып, өкшемізді көтереміз, бүгеміз. 3- оң аяғымызды қоямыз, қолымыз басымызда. 4- б.қ. Сол аяқпен де дәл солай қайталау. / 5рет қайталау/ Б. қ.: 5. Аяқтарды біріктіріп ұстау, орында тұрып, қолды шынтаққа дейін бүгіп, тізені барынша биік көтере жүгіру . Б. қ.: « 6. Аяқтарды біріктіріп ұстау, қолдар белде, орында тұрып алға, артқа, оңға, солға секіру . /15-20 секунд/.</p> <p>Тыныс алу жаттығуы: мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Негізгі қимыл-жаттығулары: 1.Заттар арасынан төрт тағандап еңбектеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Қу түлкі».ойыны:</p>
--	---	---	--	--	--

		<p><i>жауабын таптық.</i> Балалар хаттың ішінде тағы не бар екен ? Мнемотехника</p>  <p>Сұрақ жауап. 5) Үш аю ертегісін оқып беру. 6) Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп –теріп алайық, Қалтамызға салайық. 7) Сахналау. 8) Қорытынды. Балаларды мадақтау.</p> <p>3.Муызка Мерекелік ән мен би Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады Ән айту: «Мерекелік ән мен би»</p>			<p>Ойын шартымен таныстыру Балаларды мадақтау. .</p>
Серуенге	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				

дайындық					
Серуен:	Картотека № Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № Картотека қосымша тіркелген.	Картотека № Картотека қосымша тіркелген.
Серуеннен оралу	Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Әңгіме құрастыру «Біз қандай спортты жақсы көреміз» Мақсаты: баланың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.	Сюжетті-рөлдік ойын «Асхана»; Ірі құрылыс және материалдарымен конструкторлармен ойындар.	«Спорт» туралы әңгімелесу «Спорт»(сурет қарастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Ойын «Кімнің үйі?» Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Ойындар /Психолог/ Дидактикалық ойын «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.	Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.	Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу	Ата-аналарға кеңес: Балалар үйге берілген тақпақты жаттап келу

ЦИКЛОГРАММА
І апта (28.02-04.03.2022ж.)
«Балапан» тобы

Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»

Тақырыпша. «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Дид. ойын «Анықтап түсіндір» Мақсаты: Көктем мезгіліндегі өзгерістерді әңгімелеп беруге үйрету.	Бесік жыры. Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін арттыру Шарты: «Бесік жыры» тыңдату. (3-4 рет) балалар мұқият тыңдап, жылдам қайталап айтып беру қажет.	Дид. ойын «Жұмбақты шешейік» Мақсаты: Жұмбақты жасыра білу білім дерін дамыту.	Дид/ойын «Аңшы» Мақсаты: Жануарларды, балық, құстарды топтап айта білуге үйрету.	Дид/ойын: «Дымбілмеске көмектесейік» Мақсаты: Беске дейінгі санды санау білімін бекіту
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека № 1 Жаттығу кешені қосымша тіркелген.				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	1. Қоршаған ортамен танысу. Тақырыбы: Әдемі қазақ үйі Мақсаты: Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен және тұрмыстық заттармен таныстыру. Қолданылатын көрнекі құралдар: АКТ, слайд киіз, киіз үй құрлысы, желім	1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қонақ күту. Мақсаты: Қазақтың қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, жұмбақ шешкізу, жаңылпаштарды жатқа айтқызу. Тілдегі дыбыстарды дұрыс айта	1. Математика негіздері Тақырыбы: Ұзын – қысқа. Біркелкі заттар Мақсаты: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы бойынша салыстыра білуді бекіту; біркелкі заттарды санау және алуға үйретуді жалғастыру Қолданылатын көрнекі	1. Жаратылыстану Тақырыбы: Жабайы аңдар Мақсаты: Жабайы аңдар мен Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін аңдар туралы ұғымдарды қалыптастыру. Жануарларға қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. Қолданылатын көрнекі	1. Сурет салу Тақырыбы: Кілемшені әшекейлейік Мақсаты: Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементерімен әшекейлей білу дағдыларын қалыптастыру. «Ирек ою» өрнегімен әшекейлеуді

қайшы, дайын киіз үй үлгісі
Оқу қызметінің барысы:
Шаттық шеңбер
*Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Тәрбиелі баламыз,
Амандасып аламыз.*
Ой шақыру.
–Балалар, ертең жылдың қай мезгілі келеді?(көктем)
-көктем мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды?
Көктемде қандай мейрам болады?
Наурыз мерекесінде қандай мейрам болады?
Балалар олай болса киіз үйдің суретін Тамашалайық.
АКТ технологиясы. Слайд.
Киіз үйдің суретін көрсетіп, таныстыру.
Ой дамыту.
Неліктен «Киіз үй» деп аталатынын түсіндіру. Киіз үйдің бөліктерімен таныстыру.
Сергіту сәті:
*Дөңгеленіп тұрайық,
Керегені қарайық
Уық болып иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Киіз үйді құрайық.*
Тосын сәт.
Айсұлу қонаққа келеді.
Айсұлу: Балалар көктем болса келіп қалды, Наурыз мейрамы

білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру.
Қолданылатын көрнекі құралдар: Қуыршақ, ыдыстар суреті
Оқу қызметінің барысы:
Шаттық шеңбер
Ой қозғау.
«Қонақ» деген сөзді қалай түсінесіңдер.
Балалар, сендердің үйлеріне қонақтар келе ме?
- Олар кімдер?
- Дұрыс. Оларды қалай қарсы аласыңдар?
Тосын сәт.
Қонаққа қуыршақ Айжан келеді.
Кәне, Айжанға шай жасайық.
Сюжетті рольді ойын.
«Қонақ күту»
бата:
*Дастарханыңа береке берсін,
Бастарыңа мереке берсін,
Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін,
Дендеріңе саулық берсін!
Әумин!*
Дидактикалық ойыны.
«Дұрыс көрсет, ажырат!»

құралдар: қуыршақ, тақырыпқа сай суреттер, көк, қызыл карандаштар
Оқу қызметінің барысы:
Шаттық шеңбер
*Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз.
Баршаңызды құрметтеп
Бас иеміз біз.*
- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілінде неше ай бар?
- Қане, көктем айларын қайталайық?
Мнемотехника көктем

Қызығушылықтарын ояту.
Тосын сәт: Есік қағылып, қуыршақ кіреді. Қолында қорапшасы бар.
Балалармен амандасады.
Тапсырма алып келгенін айтады.
1-тапсырма.
-Мынау кімдердің суреті?
Мына баланың бойы ұзын ба, қысқа ма?
- Мынау қандай жол?
2-тапсырма
«Ұзын-қысқа» ойыны.
-Мен жасыл жолақтың үстіне

құралдар: АКТ, жабайы ажануарлар суреті
Оқу қызметінің барысы:
Шаттық шеңбері:
1. Психологиялық жаттығу:
Көздеріңді жұмып, ең жақсы сәттеріңді еске салыңдар
Балалар жайылып отырып, көздерін жұмып, ең жақсы сәттерін елестейді.
2. Ой қозғау.
Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сандық тауып алдым.
Ой қозғау.
Ішінде не бар деп ойлайсыңдар?
Ол сандықтың ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды сандықтан шығару үшін жұмбақтарды шешуіміз керек.
3. Жұмбақтар:
1. Көлеңкесінен қорқып безектейді,
Ал, оның баласын «көжек» дейді.
2. Ит секілді пішіні,
Бірақ адамды ұнатпайды.
3. Өзі қу, әрі айлакер,
Жүрген жері айқай да шу.
4. Қыс бойы жатады,
Тәтті ұйқыға батады.
5. Қара ала тоны бар,
Ол аңдардың қыраны.
Жатқанын көрмейміз,
Серейіп көп тұрады.
6. Бұтадан-бұтаға секірген,
кішкентай ғана шапшаң аң.

үйрету.
Қолданылатын көрнекі құралдар: бояу, қылқалам, ақ қағаз, ирек ою үлгісі
Оқу қызметінің барысы:
1. Балаларды ұйымдастыру. Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
Көктем мезгілінде неше ай бар?
Қандай атандаршы?
Бір аптада неше күн бар
Суретпен жұмыс
-Енді, балалар, мына суретке қараңдаршы, не көріп тұрсыңдар?
-Қандай оюмен безендірілген?
Ой дамыту.
Ирек ою өрнегімен таныстыру.
2. Кілем туралы түсінік беру.
3. Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету түсіндіру.
4. *Сергіту сәті.*
*Бой жазайық бәріміз -
Мойнымызды бұрамыз,
Қолымызды созамыз,
Топ – топ басып аяқпен,
Орнымызға барамыз.*
Жеке көмек.
Тақырыпты сұрақтар қоя отырып қорытындылау

жақындап қалды. Маған киіз үй керек еді, киіз үй құрап беруге көмек сұрай келдім. Балалар Айсұлуға көмектесеміз бе?

Үлгі көрсету, түсіндіру.

Балалар орындарына отырып киіз үйді құрастырып, ақ парак бетіне жабыстырады. Балалар өздерінің жапсырған суреттерін достарымен бағалайды.

Айсұлу балаларға көмектеріне көп рахмет айтып қоштасады. Қорытынды. Балаларды мадақтау.

2. Дене шынықтыру.

Топпен бірқалыпты жүру және жүгіру. Затты жанау арқылы орнынан жоғары секіру. Жоғары тіреуіште жүруде тепе-теңдікті сақтап және денені тік ұстап, заттардың үстінен аттау.

I. Кіріспе бөлім.

Бір қатар сапқа тұру.

Сәлемдесу.

(нұсқауларды орындау)

Шеңбер бойымен тұру.

Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.

Негізгі бөлім:

Жалпы дамыту

жаттығулар:

Доппен жаттығу.

1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары

Тағамдар мен ыдыстардың суреттерін беремін. Атын атағанда тез көрсетуі және ол тағам ба, ыдыс па-дұрыс ажырату керек. Сұрақтар беріп қорытындылау.

Балалар, бізге бүгін қонаққа кім келді? Шай ішу үшін дастарханға қандай ыдыстарды қоямыз?

Белсенділік танытқан балаларды мадақтау.

2. Бәрін білгім келеді. (B)

Тақырыбы:

«Бидай мен қаңбақ»

А.Токмағанбетов

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсіби егін өсіру туралы мағлұмат беру.

Қолданылатын көрнекі құралдар қуыршақтарды дайындау.

Оқу қызметінің барысы: Ұйымдастыру:

1. Балалар қазір жылдың қандай мезгілі?

Көктем айларын бірге жаттап алайықшы балалар?

2. Суретпен жұмыс

ақ жолақты қоямын

-Қайсысы ұзын екен?

3-тапсырма.

Суретпен жұмыс.?

-Аю қандай пойызды жүргізіп келе жатыр?

-Ал қоян қандай пойызды жүргізіп келе жатқанын сұрау.

-Олардың айырмашылығы қандай?

-Ненің пойызы ұзын екен?

-Ненің пойызы қысқа?

3. *Сергіту сәті:*

«Тап және боя» ойыны.

Геометриялық ішінен үшбұрышты тауып көк қарындашпен, ал шеңберді тауып қызыл қарындашпен бояу

Балаларды мадақтау.

3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.

2. Көркем әдебиет

Тақырыбы: Бесік жыры

Мақсаты: Бесік жырын тыңдату халық өлеңдерінің ырғағы мен ұйқасын білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ұнтаспа, бесік, қуыршақ

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Амандасу.

Шеңбер құрайық.

Аспанымыз ашық болсын,

-Бұларды қалай атаймыз?

-Олар қайда тұрады?

4. АКТ жабайы жануалар.



Түсінік беру

Сұрақ жауап.

5. Ойын: «Ненің басы, ненің құйрығы?»



6. *Сергіту сәті:*

Көлбең көлбең көлеңкем

Көлбең деген көлеңкем

Кім көрсетіп береді

Қоян қалай секіреді,

Қасқыр қалай жортады

Түлкі қалай жүреді

Аю қалай қорбаңдайды.

7. Қорытынды

Ойын арқылы

қорытындылау.

Ойын «Сөйлемді аяқта»

Ойынның шарты: мен сөйлемдер айтам, сендер аяқтайсындар мұхият тыңдандар:

Аюдың баласы.....

Қасқырдың баласы.....

Қоян күзде сұры ал қыста.....

Кірпі кішкентай, ал аю.....

жақсы сурет салған балаларды мадақтау

2. Дене шынықтыру

Жүгіру. Еңбектеу. Түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен жүгіруді үйретуді жалғастыру. Доғаның астымен еңбектеуге үйрету.

I. Кіріспе бөлім.

Бір қатар сапқа тұру.

Сәлемдесу.

(нұсқауларды орындау)

Шеңбер бойымен тұру.

Қолдарын созып,

арақашықтықты сақтау.

Негізгі бөлім:

Жалпы дамыту

жаттығулар:

Жалаушамен жаттығу.

1. Б.қ қолда жалауша: 1 – алдыға созу, 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу, 4 – б.қ –қа келу.

2. Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру. 3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен, артынан сол қолмен. .

3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы

